

АЛДАТАУ

Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№8(18) 23 ақпан 2024 жыл

Партия тұрмысы

ЕЛ АМАНАТЫН ОРЫНДАУ ЖОЛЫНДА

Саяси партия - мемлекеттік билікті қолға алуға немесе билік жүргізуге қатынасқа бағытталған, ортақ мүдде, бір идеология негізінде құрылған адамдардың ерікті одағы. Саяси партия қызметтері - саяси партиялардың негізгі міндеттерінің бірі - қоғамдық мүдделерді жинақтау мен оларды саяси шешімдерді қабылдау жүйесі шеңберіне ұйымдасқан және бағытталған түрде енгізу. Саяси партиялар билік үшін бәсекелестік күресте қоғамдық қолдауды жұмылдырушы құрал ретінде қызмет жасайды. Партиялық жұмылдыру арқылы азаматтар қазіргі заманның саяси үрдісінің белсенді мүшесіне айналады, яғни іріктеу қызметін атқарады. Партиялар қоғамдық мүдделерді қалыптастыруда да белгілі рөл атқарады. Елімізде сондай ірі, әрі доминантты партиялардың бірі болып «AMANAT» партиясы есептеледі. Осы партияның Алматы облыстық филиалы жұмысынан оқырман қауымды хабардар ету мақсатымен оның төрағасы БАЙҒОЖАЕВ Қуат Сұлтанұлына жолыққан едік.

- «AMANAT» партиясының ел өміріндегі алатын орны қандай? Облыс көлемінде қанша мүшесі бар?

- «AMANAT» – мемлекет мүддесі үшін тарихи жауапкершілікті алған, халық мұрасын сақтаушы, мемлекеттік мүддеге адал, қоғам игілігіне жұмыс істейтін партия. Халық ұғымында «аманатқа қиянат жасалмайды», яғни аманатты сақтаушы партия мүшелері – ең әуелі мемлекет мүддесіне адал азаматтар.

Қазіргі уақытта партияның облыстық филиалы қоғамдағы әлеуметтік әділдікті жақтап, барша азаматтарға тең мүмкіндік беруді қолдап отыр. Бір-біріне қолдау білдіретін, мықтылары әлсіздерге жәрдем беретін, әлеуметтік әлсіз топтардың мүддесін қорғайтын қоғам құруға ұмтылады.

Бүгінгі таңда облыс бойынша 155 бастауыш партия ұйымында 54 768 партия мүшесі бар. Партия мүшелері қатарына белсенді жастар, өндіріс саласындағы жас мамандар, шағын және орта бизнес өкілдері, спортшылар мен мәдениет саласының өкілдері топтастырылған. Жылдан жылға партияның қатары жас, әрі билікті азаматтармен толығып келе жатыр.

Жергілікті мәслихаттарда конституциялық басымдық ие және жергілікті атқарушы билікті қадағалайтын партия ретінде өңірді дамытуға, халық тұрмысын жақсартуға күш салуда. Осы мақсат жолында партия Президенттің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларын толықтай жүзеге асыру үшін оған жан-жақты қолдау көрсетеді.

«AMANAT» – мемлекетті басқаруға көрсетілген сенім. Бір ұжымның қызметкерлері – басшыға, сайлаушылар – партияға, халық – Президентке аманат.

- «AMANAT» партиясы мүшелерінің депутаттар корпусындағы үлес салмағы қандай? Ондағы депутаттардың жұмысына партия бақылау жасайды ма?

- Алматы облысы бойынша 228 депутаттық мандат орындалды, бар, оның 190 (83,3%) «AMANAT» партиясына тиесілі. Бүгінгі күні депутаттық корпус 41% - ға жаңартылды. орташа жас 49 жасты құрайды, әйелдердің саны 50 (22,5%), жастар саны 34 (15,3%).

Партиялық тізімдер мен бір мандатты округтерден сайланған депутаттар партияның Алматы облысы бойынша сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру бойынша бірлесіп отырып нәтижелі жұмыс атқаруда, облыстық сайлауалды бағдарламасы аясында салынып жатқан нысандарға 2023 жылдың мамыр айынан бастап 344 рет мониторинг жүргізді. Мониторингтің басты мақсаты - құрылыс сапасын, бөлінген қаражаттың тиімді игерілуін, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын, сондай-ақ жалақының уақытылы берілуін қадағалау.

Сондай-ақ партия филиалдарының қоғамдық қабылдауларында тоқсанына кемінде бір рет

азаматтарды қабылдау жүргізіп, сұрақтарының оңтайлы шешілуіне жұмыс атқаруды, жалпы 2023 жылы депутаттар 536 қабылдау жүргізген.

Жаңа форматта қоғамдық кеңестер жұмыс жасауда. Партия филиалы жанынан 10 партиялық бақылау комиссиялары және салалық бағыттар бойынша 9 өңірлік кеңес жұмыс істейді. Облыстық мәслихаттың депутаттары кеңестерді басқарады және комиссия мүшелері болып табылады.

Алматы облысы бойынша азық-түлік тауарларының, дәрі-дәрмек, жанар-жағармай бағаларын тұрақтандыру мақсатында мониторинг топтары жұмыс атқаруда, олардың құрамдарында барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары бар, облыс бойынша 700-ден аса нысандарда шектік бағалар бойынша мониторинг топтары жұмыс жүргізуде.

- Партия алдында тұрған міндеттер және оның орындалу барысы туралы айтсаңыз. Партия қандай бағдарламалармен жұмыс істейді? Осы бағдарламалардың жүзеге асуында қаншасы бітті? Қаншасы әлі бақылауда тұр?

- 2023 жылдың 24 мамырында «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға «Халықпен бірге!» Алматы облысы бойынша сайлауалды бағдарламасы бекітіліп, сайлауалды бағдарламаны іске асырудың Жол картасында 2027 жылға дейінгі 4 негізгі міндеттер, 23 көрсеткіштер мен 83 іс-шараны жүзеге асыру көзделген.

- Алматы облысында «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру бойынша барлық ресурстары пайдаланылуда. Облыстық жол картасының тармақтарына партия фракциясының 185 мүшесі – барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары жауапты болып бекітілген (облыс – 32, аудандар мен қалалар – 153).

- 2023 жылдың 1 желтоқсанына 88 іс-шараның 77-і (87,5%) орындалды, 11-і (12,5%) - 2023 жылы орындалған жоқ.

- Жемқорлықты жою бағытында партия тарапынан не істелініп жатыр? Қанша мәселе қаралды?

- Алматы облысы бойынша партия жанында «Партиялық бақылау комиссиялары» мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі» кеңестер жұмыс атқаруда. Аталған кеңестер облыс бойынша туындаған резонанстық сұрақтарға саралау жұмыстарын жүргізеді және тиісті аудандарда облыстық кеңес мүшелерімен бірлесіп, кеңес отырыстарын ұйымдастырады.

Жалпы, партиялық бақылау комиссиясының 48 отырысы өтті, аталған отырыстарда 136 ұсыным беріліп, оның 99-і бүгінгі күні орындалды.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі» кеңестің 23 отырысы өтті, отырыстарда 70 ұсыным беріліп, оның 55-і бүгінгі күні орындалды. 2023 жылдың 12 айында партиялық жауапкершілікке 3 партия мүшесі тартылды.



Қосымша, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі» кеңес төрағасы Ерік Абитов, «Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің Алматы облысы және Жетісу облысы мамандандырылған күзет қызметі басқармасы» мемлекеттік мекемесі қызметкерлеріне, №57 мекемесінің қызметкерлеріне және Есік гуманитарлық-экономикалық колледж ұжымына сыбайлас жемқорлықты алдын алу шараларын түсіндіру мақсатында кездесулер өткізді.

- Қоғамдық қабылдау бөлмелері жұмыстары туралы айта кетсеңіз.

- Жыл басынан бері партияның қоғамдық қабылдау бөлмелеріне 342 өтініш келіп түсті. Қарау нәтижелері бойынша 163 өтініш оң шешімін тапты, 146 түсініктемелер берілді.

Мәслихаттағы партия фракциясының депутаттары да 57 қабылдау жүргізген. Олар 120-ден астам тұрғынмен кездесіп, 60-қа жуық өтініштің оң шешілуіне атсалысқан.

«Құқықтық көмек» жобасы аясында жыл басынан бері 7 қабылдау өтті. Өзіңіздің тапсырмаңызға сөйкес, бүгін облыстық партия филиалында аталмыш жобасы аясында ашық есік күні өтуде.

Қазіргі уақытта аймақтық сайлауалды бағдарлама аясында іске асырылып жатқан нысандарда 30 партиялық бақылау бекеттері орнатылып, қатан бақылауда.

- Қандай партиялық жобалар бар?

- «Қарызыз қоғам» жобасы аясында өңірде 5 ақпаннан бастап қаржылық сауаттылықты арттыру сабақтары басталып кетті. Жыл соңына дейін 8 500 азаматты құрстан өткізуді жоспарлап отырмыз. Қазіргі уақытта 7 қаржы сарапшысы 6 ауданда өз жұмысын бастады.

«Ардагерлерді ардақтайық», «Кедергісіз келешек», «Бақытты отбасы», «Ұлттық мұра» партиялық жобалары бойынша іс шаралар желілік кестеге сәйкес өтуде. Бұл жобаларға қаңтарда 2 мыңнан аса адамның қатысуымен 120-дан аса іс-шара өтті.

«Ауыл аманаты» жобасы бойынша өңірдің барлық ауылдық округі қатысуда. Жалпы ауыл тұрғындарының 9,5 млрд теңгені құрайтын 1400-ге жуық өтінім келіп түсті. Бүгінгі күнге 4 млрд 303 млн теңгеден аса сомада 581 шағын несие берілді.

«Жер аманаты» жобасы аясында 2023 жылға дейін өңірде пайдаланылмай жатқан жалпы көлемі 260 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылмақ. Осыған байланысты облыс көлемінде жалпы көлемі 223 мыңға жуық гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды.

- «Жастар рухы» жастар қанатының жұмысы туралы не айтар едіңіз?

- «Жастар Рухы» Жастар қанаты – білімге ұмтылған, еңбеккер, елі мен жерін сүйетін, Отанына адал 100 мыңнан астам патри-

от жастардың басын біріктіретін жастар ұйымы. Жастар қанаты құрылу кезеңінде еріктілер қозғалысынан бастап ірі жастар ұйымына дейін қалыптасу жолынан өтті. «Жастар Рухы» мемлекеттің жастар қозғалысындағы негізгі күшке айналды. Ұйым елдің мемлекеттік жастар саясатын қалыптастырудың бастауында болып, оның дамуына өзіндік ықпалын көрсетті. Қазіргі таңда «Жастар Рухы» Жастар қанаты көптеген ірі әлеуметтік, экологиялық, патриоттық, мәдени-бұқаралық іс-шаралардың және қайырымдылық пен игі бастамаларды жүзеге асырушы ұйым.

Алматы облыстық филиалы 2023 жылғы жүзеге асырылған жобалар бойынша Біг tolqyнда ашық диалог алаңы аясында облысымыздың 7 ауданында 40-тан астам кездесу өтті.

QAISAR әскери-патриоттық тәрбие жобасы аясында 7 ауданда 10-ға жуық кездесулер мен іс-шаралар өткізілді.

«Қош келдің Рамазан» акциясы аясында облыстың әр ауданында жастар ауызшапар уақытына үлгермеген жолаушыларға су және құрма тарату арқылы жастарымызды, аудан тұрғындарын мейірімділікке шақыруда.

TazaLIKE экологиялық акциясы Іле өзенінің жағасында орналасқан Тамғалы – Тас киелі мекенінде 150-ден астам жастың басын біріктіріп, вандализмге қарсы науқан өтті, белсенділер аймақтың тазалығын келтірді.

Жалпы облыс деңгейінде экологиялық акция өту саны-42. Жастарға жұмыс жобасының аясында облысымыздың 3 ауданында бос жұмыс орындарының жәрмеңкелері өтті. Жәрмеңкелерге 700-ге жуық жас қатысып, оның 43-і жұмысқа орналасты.

«Есірткіге жол жоқ» жобасы бойынша облыс көлемінде 10 мониторингтік жұмыстар және 22 профилактикалық кездесулер өткізілді. Профилактикалық кездесулерге жалпы 400 жас қатысты.

«Қуаныш сыйла!» жобасы бойынша облыс көлемінде 1800-ден астам балаға көмек көрсетіліп, 10 нан астам іс-шара науқандары өтті.

«Ардагерлерді ардақтайық!» жобасы аясында Қонаев қаласының 70 жалғызбасты қарттарына азық-түлік себеттері таратылды. Қарттар үйінде 5 іс-шара өткізілді.

Облыстық полиция департаментімен бірлесіп, республикалық «Қауіпсіз қоғам» науқаны аясында түнгі рейдтер, науқандар өткізілді. Өткізілген рейд саны – 10. Өткізілген әлеуметтік эксперимент саны 6 болса, әлеуметтік желілердегі акциялар саны – 20дан астам. Сол секілді жастарды қолдау жөніндегі кеңес отырысының өткізілген саны – 4. Облыс колледждерінің жатақханаларында 10 мониторинг жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік желілерде 60 тан астам шығарылым салынды.

Әнгімелескен
Алтынбай СИҚЫМБЕК.

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

Есік көлі мемлекет меншігіне қайтарылды

«2023 жылы Алматы облысының қаржы басқармасы міндеттемелердің орындалуына бақылау жүргізу барысында «Қазэлектронергия» ЖШС шарттық міндеттемелерінің тиісінше орындалмауын, оның ішінде қаржылық қызмет, атқарылған жұмыс туралы есептерді уақтылы ұсынбауы, көлді тазарту бойынша жоспарланған жөндеу жұмыстарын орындамауы, сондай-ақ уәде етілген жұмыс орындарын құрмағаны анықталды», - деп хабарлады Алматы облысы әкімдігінің баспасөз қызметі.

Ведомстволарлық комиссия құрылып, отырыс өткізілгеннен кейін нысанды Алматы облысының коммуналдық меншігіне қайтару туралы шешім қабылданды. Қаржы басқармасы шартты бұзып, нысанды қайтару мақсатында сотқа талап арыз берген және Алматы облысының МАЭС 2024 жылдың 9 қаңтарындағы жылғы шешімі негізінде шарт бұзылып, Есік көліндегі бөгет мемлекетке қайтарылды.

Перспективы развития Алматинский агломерации обсудили акимы Алматы и Алматинской области



Аким Алматы Ерболат Досаев и аким Алматинской области Марат Султангазиев провели третье заседание Местного совета Алматинской агломерации. В ходе


встречи были рассмотрены вопросы актуализации Комплексной схемы градостроительного планирования пригородной зоны г. Алматы и строительства транспортно-пересадочного узла (ТПУ) «Север».-передает ГУ «Аппарат акима Алматинской области».

«В рамках выполнения поручения Президента Казахстана К.Ж. Токаева в плане развития Алматинской агломерации предусмотрено провести 130 мероприятий, 77 из которых должны быть осуществлены в Алматинской области», - сказал аким Алматинской области Марат Султангазиев.

Также рассматривались вопросы возможного переноса ряда промышленных предприятий за пределы Алматы.

Қапшағайда мұз үстінде қалып қойған балықшы құтқарылды


Қапшағайда балық аулауға барған ер адам өздігімен жағаға жете алмай қалған - деп хабарлады Алматы облысы ТЖД баспасөз қызметі.



Алматы облысы ТЖД-ның мәліметінше, 16 ақпан күні сағат 08:52-де Қапшағай су қоймасының «Олубой залив» учаскесі аумағында сынған мұздың үстінде 1949 жылы туған ер адамның қалып қойғаны туралы хабарлама түседі. Оқиға орнына Қонаев қаласының жедел-құтқару жасағының құтқарушылары жіберілді. Белгілі болғандай, ер адам түнгі уақытта балық аулауға келген. Таңертен мұз сынып кеткен соң, ер адам өздігінен жағаға шыға алмай, құтқару қызметіне хабарласқан.

«Қонаев қаласы жедел-құтқару жасағының 8 құтқарушысы, 2 техникасы мен жүзу құралдарының күшімен балықшы жағаға жеткізілді. Медициналық көмекке мұқтаж болған жоқ», - деп хабарлады Алматы облысы ТЖД баспасөз қызметі.

Лавинная опасность сохраняется в горах ВКО и Алматинской области



Для предотвращения непроизвольного схода снежной массы на автодороге «Усть-Каменогорск-Алтай» сегодня был произведен профилактический спуск лавин. В результате сошло 22 300 кубометров метра снега, передает агентство Kazinform со ссылкой на пресс-службу МЧС РК.

- Лавины могут сходить от шума и крика человека. Чтобы избежать опасности, перед поездкой в горы ознакомьтесь, нет ли штормового предупреждения о лавинной опасности. Это можно сделать, скачав бесплатное мобильное приложение «Дармен», - предупредили в МЧС РК.

17 февраля в Талгарском районе Алматинской области на лыжной базе также были произведены плановые профилактические спуски снежных лавин. На высоте 2664 метров над уровнем моря, были проведены 5 взрывов на лавиносборах лыжной базы. Общий объем: 380 кубометров.

Тұра

ЖАКСЫ АДАМҒА ӘРКЕЗДЕ ДЕ ОРЫН БАР

Өмірде орны бөлек, өшкен кезде қимайтын, қимастықпен еске алатын адамдар болады. Кезінде Кенен атам «Бұл қазақ сендей ұлды армандаған» деп жырға қосқан Димаш ағамыз кез келген қазақстандықтың есінен кетпейді. Жақында Ұйғыр ауданы ардагерлері көп жыл елі үшін, халқы үшін қызмет еткен, ел есінен кетпейтін Димаш ағамыз туралы еске алу кешін өткізді.

Аудандық кітапханаға Димаш ағамызды білетін ақ жаулықты аналар, ақ сақалды аталар жиналды. Кіріспе сөзді аудандық кітапхананың бөлім меңгерушісі Малдыбекова Әбзел алып, кешке қатысып отырған қонақтарды мемлекет қайраткерінің өмірбаянымен таныстырып өтті. Одан кейін сөз алған аудандық ардагерлер кеңесі төрағасы Нүрсейітов Ербол сөз алып, Димаш ағамыздың өте қарапайымдылығына тоқталды.

Қарапайымдылығы сонда, біздің Шонжыға келген кезде кешеді отырған ақсақалдарға тоқтап

амандасып кететін. Жаркент пен Ұйғыр ауданының ортасындағы Іле өзеніндегі көпір ашылған кезде сол көпірмен жаяу жүріп, өз ризашылығын көрсеткенін ерекше тебіреніспен айтып берді. Сол кездегі комсомолдың бірнеше жиындарында Қонаевты көргенін, ол кісінің жастарға айтқан ғибратты сөзін еске алды.

Шонжы ауылы ақсақалдар кеңесі төрағасы Қасымов Сайдахмет Димаш ағамыздың Шонжыға келгенде бүкіл елмен қоян –қолтық араласып, ешбір адамды бөлмей, әрбір адамның жағдайын сұрап, сол жерде шешуге тырысқанын жұртқа баян етті.

Көп жыл ауданда қызмет істеген, ел құрметіне бөленіп жүрген Несіпбек Аңызбаев ақсақал өзінің Қонаевты өте жақын көргенін, ол кісінің кезінде Шарын ауылына келгенін, сол кездегі Свердлов атындағы колхоздың білгір басшысы Мырзыгүл Насыровтың үйіне барып, «Мен бажамның үйіне келдім» деген сөзін елге паш етті. Себебі Мырзыгүл аканың әйелі де татар қызы еді. Шарындағы жүгері алқабын аралап бітіп, бұл колхозды «уйгур-



ский колхоз» деген екен. Несіпбек аға Алматы қаласында бір бейтаныс адамның «сен Қонаевқа қалай ұқсайсың» деп айтқан сөзін бірге әңгімелеп берді.

«Аяла» балабақшасының басшысы Бағдагүл Сабыржанқызы өзі барып келген Меккеде Димаш Ахметұлына құран бағыштап отыратынын мақтанышпен айтып өтті.

Келесі сөзді Абрамов Николай алып, әкесінің екі рет Димаш атамен кездескенін, ол кісінің өте

бауырмашыл, қарапайым екенін, әкесінің естелігін жиналған қауымға паш етті.

Полицияда көп жыл қызмет еткен Қанайбек Текесбаев студент кезінде көргенін, сол кездегі студенттерге деген қайырымдылығын, Димаш ағамыздың әрбір қазақстандық үшін үлгі болатын жан екенін айтты. Жастар мен студенттермен съезд, конференция, әр түрлі басқосуларда Димаш әкенің бірге болғанын тебірене еске алды.

Ахметов Ғайрат – аудандағы бетке ұстар азамат. Кәсіпкер өзінің естелігін былай деп бөлісті:

–Алматыдағы Сайран автобекетін салу кезінде бекет жанындағы көлді жасаған кезде Димаш Ахметовичті көрдім, қарапайым, өз ісіне адал адам екенін білдім. Ондай басшы сирек қой. Сол құрылысты салу кезінде жауапкершілігі ерекше сезілді. Қазір қаншама қазақстандықтар сол жердің жақсылығын көруде.

Аудандық кітапхананың тұрақты оқырманы, зейнеткер ұстаз Малик Варисов кеңес үкіметі кезіндегі республика басшылығы туралы жақсы пікір айтты. Қонаев ағамыз туралы әңгімелеу толастар емес. Аудандық орталық кітапханаға жиналған оқырман қауым үлкен әсермен қоштасты. Еліміздің тарихында ұлтымыздың мақтанышы болған Дінмұхамед Ахметұлы өзінен кейінгі ұрпақтың қандай жағдайда да адал болудың, елге беріле қызмет етудің жарқын үлгісін көрсетіп кетті. Атамыз рухының алдында тағзым етуді мен ешқашан ұмытқан емеспін.

Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданындағы ардагер әжелер кеңесі төрайымы.

15-ақпан Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына - 35 жыл!

Есте қалған ерекше кездесулер

1979 жылдың 25-ші желтоқсанынан бастап 1989 жылдың 15-ші ақпанына дейінгі аралықта өткен 10 жылға созылған Ауған соғысына 18 бен 20 жас аралығындағы өрімдей жас жігіттер шақырылды. Ауғанстан еліндегі соғысқа 22 мың 269 қазақстандық офицер, жауынгерлер қатысты. Оның 898-і Ауған жерінде құрбан болды. 21-і із-түссіз жоғалды. 484 жауынгер мүгедек болып қайтты. Қаза болғандардың құрметіне Қазақстанның 11 қаласында және аудандардың 40 елді мекеніне ескерткіштер орнатылды. Алматы облысынан 3601 жауынгер қатысса, қазір 1000-ға жуығы Ауған соғысында, елге оралғаннан кейін алған жарақатынан қайтыс болды. Қазір солардың 2500-ге жуығы-облыс көлемінде бейбіт өмірде Ауған соғысының ардагері, ел құрметіне бөленген азаматтар.

Қазақстан Республикасындағы 14 мектеп Ауған соғысына қатысқан ардагерлердің атымен аталады. Солардың бірі-Еңбекшіқазақ ауданы Ащыбұлақ ауылында туып-өсіп, Ауған соғы-

жиындар жыл сайын ауданда, ауыл мектебінде өткізіледі. Оған Алматы, Қаскелең, Талғар, Қонаев, Есік қалаларымен бірге Еңбекшіқазақ ауданында тұратын АӘД пәні оқытушылары, мектеп

дегі Кеңестің Вице-президенті П.Г.Хижняк, барлаушылар тобының командирі, подполковник А.Қалиев, «Алматы қаласы Ауған соғысы ардагерлер қоғамының» төрағасы А.Танабаев, А.Н.Бубенцовтың полкпасы, пулеметші В.Погребной, снайпер А.Космынин, аудандағы тағы басқа ардагерлер бас қосқан үлкен жиын өткізілгені әлі есімізде. Алматы қаласындағы «Ардагер» ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектерінің қоғамдық бірлестігінің төрағасы, подполковник Баймолдин Серікбай Кеңесбайұлы бастаған Алматы қаласы, Алматы облысындағы 120-дан аса Ауған соғысы ардагерлері мектептің жыл сайынғы құрметті қонақтары болды. А.Н. Бубенцов орта мектебінде генерал, офицер, солдат, әскери курсанттар оқушылармен жиі кездесуге келіп қатысуда. Жыл сайын Ұлы Отан, Ауған соғысы тыл, еңбек ардагерлері мен генерал, офицер курсанттармен мектепте, колледжде, мәдениет үйінде кездесу жиындарды өткізген капитан Әсет Көшербайұлы ағамыз ерекше ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігін, аудан, облыстағы АӘД пәні оқытушылары газет-журнал арқылы жақсы біледі. Әскери патриоттық тәрбиенің негізі-адамгершілік пен ұлтжандылықты басты бағдар етіп жүрген Әсет Көшербайұлы ағамыздың өткізген іс-шара, кездесу-жиындары-аудан, облыстағы әскери оқытушы ұстаздарға әріптес інілеріне үлгі-өнеге. Мұның бәрі бүгінгі ұрпаққа, біз өмір сүріп отырған замандағы бейбіт қоғамның оңай келмегенін түсіндіруге септігі зор. Өйткені

Қарасай ауданы Көлащы ауылындағы Б.Момышұлы атындағы орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Серікова және алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Н.Тавбаевтың ұйымдастырумен Ауған ардагерлеріне арналған кездесу кеші өтіп, Ауған соғысының ардагері, Тұрар елді мекеніндегі Ә.Байсалбаев атындағы орта мектептің мұғалімі Бақыт Шойынжанов оқушылармен кездесіп, өзінің естеліктерімен бөлісті.

Ауғанстан соғысы жүректі ауыртады



Биыл соғыс отты шарпыған Ауған жерінен Кеңес әскерлердің шығарылғанына 35жыл толды. Бұл Ресейдің солақай саясаты болса да Ауған соғысы Қазақстан тарихында елеулі орын алатындығы ақиқат. Өйткені, өрімдей боздақтарымыз жат жерде ажал құшты. Қаншама аналар бауыр еті баласынан айырылып зар жылады. Әлі де болса 20-дан аса адамның тағдыры бізге беймәлім. Ұмытайық десек те, отты жылдар жаңғырығы санада қалып қояды екен.

Оқушылар кездесу барысында көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, әңгіме-дүкен құрды. Бақыт Қуанышұлы 1981-1983 жылдар аралығында Отан алдындағы борышын Ауғанстанда атқарған. Кездесу барысында елге келген соң біраз уақыт соғыстағы көрген уақиғаларды ұмыту оңай болмағанын айтты.

Қазіргі таңда ардагер өзі туып-өскен ауылында мектепте ұстаздық етуде. Отбасында 4 қыз бен 1 ұл өсіріп отыр. Сүйікті жар, қомқор әке, ардақты ата атанған.

Бұл кездесу тағылымды әрі мазмұнды болды. Өйткені оқушылар шет елде аталарының батырлық көрсетіп,



өздерінің интернационалдық борыштарын адал атқарып келгендігіне көз жеткізіп, өздерінше ой түйді.

А БЕКМҰХАМБЕТОВА,
Б.Момышұлы атындағы орта мектептің кітапханашысы.
Қарасай ауданы.



сында қайтыс болған мектеп түлегі, интернационалист-жауынгер А.Н.Бубенцов. Ащыбұлақ ауылында туып-өскен мектеп түлегі, екінші интернационалист-жауынгер - Б.Жолдасбаев Ауған соғысына қатысып, оқ пен оттан аман-есен келген Ащыбұлақ ауылының азаматы. Алматы қаласының тұрғыны Берік Жолдасбаев қарулас жолдастарымен туған ауылына, оқыған мектебіне, ауданға жиі келіп, кездесуге қатысып тұрады. Өйткені Ащыбұлақ ауылындағы А.Н.Бубенцов атындағы орта мектеп-аудандағы Ауған соғысы ардагері атындағы мектеп.



Алматы қаласына жақын мектеп болғандықтан әскери патриоттық тәрбиеге байланысты кездесу жиындар, жарыстар жыл сайын жиі өткізіліп тұратын. Алғашқы әскери дайындық (АӘД) пәнінің оқытушысы болған әскери патриоттық тәрбиеде аудан, облысқа танымал ардагер оқытушы капитан Әсет Көшербайұлы ағамыздың ұйымдастыруымен аудандық оқу, қорғаныс бөлімінің мамандарының қатысуымен кездесу,

ұстаздары, оқушылары талай рет қатысты. Ауған соғысының ардагерлері ҚР Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары болған Халық Қаһарманы, генерал-лейтенант Б.Ертаев, Түрікменстан республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары болған, 177-ші арнайы жасақталған барлаушылар отрядының командирі, генерал-лейтенант Р.Миратурдиев, Б.Момышұлы атындағы мектеп интернационал бастығы болған генерал-майор С.Қазақбаев, ардагерлер қоғамының мүшесі халықаралық дәреже-

аталған тұлғалар соғыс пен әскери өмірдің қиындықтарын шет елде бастан көшіп, жеңіп шыққан рухы мықты азаматтар екені айқын. Ардагер ағалардың соғыс туралы айтқандарын тыңдап, әскери өмірдің шынайы қиындығын сезінген жеткіншектердің болашақта нағыз азамат болып қалыптасатынын анық.

Орынбасар АХМЕТОВ,
АӘД пәнінің оқытушысы,
зейнеткер.
Еңбекшіқазақ ауданы.



АТҚАРҒАН ІСІНЕ АДАЛДЫҚ ТАНЫТАДЫ

Әріптес жайлы ой толғау, көсіліп сөйлеу, шешіліп пікір айту оңайға түспейді екен. Әсіресе сол адамың сөзден маржан терген шешен, тиісті жерінде түйінді ой, әділетті пікір айтатын адам болса. Иә, бүгінгі әңгімемізге арқау болғалы отырған Хайролла Қасымұлы Ахметжанов сөз шебері, «Арқалағаны алтын, жегені жантақ» дейтін журналист ауылынан. Басқаша айтқанда отымен кіріп, күлімен шығып, суығына тоңып, ыстығына күйе жүріп баспасөз саласында өзіндік қолтаңбасымен танылған арқалы азамат.

Бойында қабілет-қарымы жоғары, қаламы ұшқыр болса да басқалар құсап, Алматы, Астана шаһарларындағы үлкен-үлкен бұқаралық-ақпарат құралдарын жағаламай, өзі журналист ретінде еңбек жолын бастаған аудандық басылымға адалдық танытып, жергілікті газеттің жілігін шағып, майын жеп жүрген жайы бар. Ауылдағы қарапайым тұрғындарға дер кезінде аудан өмірінен ақпарат таратамын деп, аянбай тер төгіп, басқа түскен қиындықтарды ысырып артқа тастап, шағын ғана редакция ұжымының жұмысын дөңгеленте ұйымдастыра алған туекелшіл де, батыл азаматтың атқарған ісі кімге болса да үлгі-өнеге.

Алайда, Хайролла Қасымұлы басқалар сияқты жас кезінен журналист болуды армандады десек, жаңсақ болар. Ол бұл салаға ой-өрісі жан-жақты толыққан, ақыл тоқтатқан жаста келді. Оған дейін ауылшаруашылығында тракторшы да, комбайншы да, жүргізуші де болды. 15 жасынан еңбекке араласып, тың игеруге қатысқан ол егіншілік жұмыстың қандай болатындығын басынан өткізіп, бір үзім нанды табудың машақат-мехнатының дәмін татты. Кеңес әскері қатарындағы азаматтық борышын айбыроймен орындап, келген соң, оқуын одан әрі жалғастырып, кешкі орта мектепті, содан соң жоғарғы оқу орнын тамамдады. Бес жыл бойы мектепте ұстаздық қызметті атқарды. Ақыр аяғы бала кезінен бойына қалыптасқан кітапқұмарлығы, әдебиетке деген жақындығы оны журналистік мамандыққа алып келді. Ұстаз болып жүргенде аудандық басылымға жиі-жиі мақала жазатын жігіттің ойының ұшқыр, сөз саптауының шымыр екендігін байқаған жергілікті газет басшылығы оны жұмысқа шақырды. Бірден оған бөлім басқару жұмысы сеніп тапсырды. Бұл сонау өткен ғасырдағы 1973 жыл болатын. Оның бұқаралық-ақпарат құралдарындағы еңбек жолы осылайша басталған болатын. Содан бері қарап отырсаң, 50 жылдан астам уақыт зырылдап өткен екен.

1975 жылы Жоғарғы партия мектебін үздік бітіріп шыққан соң сол кездегі Торғай облысындағы аудандық «Целинное знамя» гезетінде ұзақ жыл бас редактор болып қызмет атқарды. Ол кезде аудандық басылымның әрбір саны аудандық партия комитетінің қатаң бақылауында болатын, сын сүзгісінен өткізілетін. Газет

бетінде сынға ұшыраған басшылар мәселесі аудандық партия комитетінің бюросында қаралатын. Мұндай жағдайда әрине бас редакторға да қойылатын талап та өзгеше еді. Жоғарғы партия мектебін бітірген Хайролла Қасымұлы аудан басшыларының өзіне жүктеген міндеті үдесінен шығу үшін білімі мен тәжірибесін жұмылдырып, жұмысын заман талабына сай ұйымдастыра білді. Мамандардың біліктілігін арттыруға күш салды. Олардың тұрмыстық жағдайын жақсартуды, шығармашылықпен жұмыс жасаулары үшін бар мүмкіндікті жасады.

Журналистік тәжірибесі кемеліне келген шағында отбасылық жағдайымен Алматы облысына көшуге тура келді. Баласының денсаулығы үшін амалсыз қоныс аударған ол Іле ауданындағы газетте бас редактордың орынбасары болып біраз уақыт қызмет атқарып, 1988 жылы Еңбекшіқазақ ауданындағы бұрынғы «Еңбек жалыны» газетіне бас редактор болып тағайындалды. Осы жерде оның өміріндегі жаңа кезең басталды десек, сірә қателеспеспіз. Сол кездің өзінде 60 жылға жуық тарихы бар «Еңбек жалыны» газеті Алматы облысындағы байырғы басылымдардың бірінен саналатын. Коммунистік құрылым құрдымға кеткенде Хайрекең алғашқылардың бірі болып газеттің атауын өзгертті. Оның бұдан былайғы бағыт-бағдарын, мазмұн-мағынасын айқындады. Нарықтық экономикаға қадам басқан сол тұстағы қиындық баспасөзге де өзінің салқын лебін тигізді. Қаржы тапшылығы жағадан алып, газет жабылып қалудың алдында тұрды. Мұндай жағдай жалғыз Еңбекшіқазақ ауданында ғана емес, басқа жерлерде де орын алған болатын. Тіптен республикалық басылымдардың өзі де таралымын төмендетіп, оқырмандарын жоғалта бастаған еді. Осы қиындықтан «өгізді де өлтірмей, арбаны да сіндырмай» өту үшін Хайрекең әдеттегі тәуекелшіл мінезіне басып, тыңнан жол салды, оқырмандарды селт еткізетін тақырыптарды іздестіруден шаршамады. Соның бірі - Есік қаласының маңынан табылған Алтын Адам. Осы жанылықты тек Қазақстанға ғана емес, шет елге де кеңінен тарату үшін ол редакция қызметкерлерінің жұмысын ұтымды ұйымдастырды. Арнаулы көрменің ашылуына мұрындық болды. Бұдан басқа да қаржы табудың көздерін іздестіріп, жаңадан кәсіпкерлікке қадам басқан азаматтардың жұмыстарын жарнамалады. Жаңа бастамаларды, қолдап, тынбай ізденуден, газетті сақтап қалудың айла-шарғыларын қарастырудан жалықпады. Ізденісі текке кетпеді. Ұжымы толық сақталып, жергілікті басылымның таралымы біртіндеп көбейе бастады. Сол тұста Хайрекеңнің жақсылығы, шарапаты тек өзі басқаратын ұжымға ғана емес, көршілес аудандардағы әріптестеріне де тиді. Соның бірі - Іле ауданындағы «Іле таңы» газеті. Әлі есімізде газеттің баспасөзден түскен қаржысы тек жарты жылға жетті де, алдағы 6 айға болжамымыз бұлдыр болып, үмітіміз үзілуге шақ қалды. Ол кезде аудандық басылымға беретін бюджет қаржысы да мардымсыз еді. Не істеу керек? Тығырыққа тірелген тұста Хайрекеңнің азаматтығына жүгініп,



көмек сұрадық. Қаржымыз болмаса да А-3 форматпен газет басатын шағын машинамыз бар еді. Хайрекең бізді қиындықтан шығару үшін Алматыдағы баспаханадан бас тартып, газетін бізде бастыруға келісімін берді. Әрине арзан бағамен. Мұның өзі біздің тағы да жарты жыл өмір сүруімізге септігін тигізді.

Бұлай қарағанда сыпайы, мәдениетті көрінетін Хайролла Қасымұлының шындықты бетке айтар турашыл, ештеңеден жасқанбайтын батыл, тәуекелшіл, алдағыны күн бұрыннан болжайтын көріпкел қасиеттері бойынан табылады. Керек жерінде ұтымды әзіл айтып, әлде бір күлдіргі оқиғаларды майын тамызып әңгімелеп те жібереді. Бұл қасиеттері тонның ішкі бауындай бір-бірімен жымдасып, қабысып оның азаматтық келбетін шебер қалыптастырған. Көріпкелдік демекші, осыған байланысты тағы бір оқиғаны баяндай кеткен жөн сияқты. Бір кездері «Мемлекеттік мекеме» болып табылатын аудандық газеттердің меншік атауын «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналды кәсіпорын» болып өзгертуге облыстан тапсырма түсті. Басқаларымыз болсақ, қаржы беріп отырған аудан әкімінің тапсырмасын бұлжытпай орындауға кірісіп, алдымыз бір жыл, артымыз 4-5 жыл құжат жасаумен жүрдік. Ал, Хайролла Қасымұлы болса «Алдағы жылдары бәрібір меншік нысаны өзгертіледі, екі жұмыс жасамай, бірден істі тындырайың» деп, газетін жауапкершілігі шектеулі серіктестікке айналдырып жіберді. Әрине, бұл жұмыс оңайға түспеді. Талай табалдырықты табанда тұрып тоздырып, бюрократтық пиғылдағы көптеген адамдарға өзінің сөзін дәлелдеп, әуре-сарсаңға түсті. Сөйтіп, шаршаса да, қамықса да алған бетінен қайтпай, бастаған ісін соңына дейін жеткізе білді.

Аудандық газеттің қиындықтары жетіп артылады. Штатта редактордың өзімен қосқанда бар-жоғы 4-5 адам. Аудан басшылығының саясатын жүйелі түрде насихаттап, жергілікті округтердегі ауыл еңбеккерлерінің тыныс-тір-

шілігін, малшылардың қал-жайын, жылт еткен жаналықтарды, игі істерді дер кезінде жариялап, оқырмандарға тарата білуің қажет. Ол үшін журналистің жан-жақты болуы міндетті. Шапшаңдық та, пысықтық та қажет екендігін ескерсек, Хайролла Ахметжанов ол жағынан құры алақан емес. Газеттің жұмысын ұтымды ұйымдастырып, журналистерге дұрыс бағыт-бағдар берумен қатар ол қоғамдық жұмыстарға да уақыт табады. Аудан көлеміндегі әр түрлі іс-шараларға белсене араласады. Сонымен бірге Алматы облыстық мәслихатының қатарынан екі шақырылымының депутаты ретінде халық аманатына адалдық танытып, олардың мақсат-мүдделерін заң аясында қорғауда ешнәрседен тартынған емес. «Еңбегіне қарай өнебегі» демекші, оның журналистика саласындағы еңбегі, қоғамдық жұмыстардағы қызметі елеусіз қалған жоқ. «Еңбек ардагері», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Тыңға 50 жыл», «Астананың 10 жылдығы» мерекелік медальдары, Алматы облысы әкімінің Құрмет грамотасы, Алтын Адамның тарихын насихаттаудағы еңбегі үшін Қазақстан Журналистер Одағының сыйлығының лауреаты осының айқын айғағы. Қазақстанның құрметті журналисі, Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының «Құрметті азаматы» Хайролла Қасымұлы отбасында да өнегелі отағасы, немерелерінің ардақты атасы. Өмірлік жары Ақтай Кәршалқызы шаңырақтың шырайын кіргізіп, береkesін арттырып Хайрекеңнің барлық жағдайын жасап отыр. Айрандай ұйған Ахметжановтар отбасында тәрбиеленген Жанар, Динара атты қыздары мен Ерлан есімді ұл өздерінің таңдап алған мамандықтары бойынша әр салада жауапты қызмет атқарып жүр. Барлығының жоғары білімі бар. Күйеу балалары Болатхан мен Руслан, жиен күйеу бала Дәурен өз балаларындай болып кетті. Келіндері Майгүл де инабатты жан. Немерелері Альбина, қос Амина, Айша, Амира ерлі-зайыпты Хайролла Қасымұлы мен Ақтай Кәршалқызының көз қуанышы, ажары мен базары. Немересі Альбинадан Эль-Таир есімді шөбере сүю бақыты да бұйырды сексенін сенгіріне аяқ басқан Хайрекең. Ата-ана үшін балаларының қызық-қуанышын көруден асқан бақыт жоқ шығар сірә.

Біз біреулер сияқты дүние-байлықтың соңынан қумай қашан болса да байсалдылығымен, парасаттылығымен ерекшеленіп, берік ұстанымын, адалдығы мен әділдігін жанына жалау етіп ұстайтын Хайролла Қасымұлының өмір жолы кім-кімге болса да үлгі-өнеге. Қазақ баспасөзіне бір кісідей өлшеусіз үлес қосқан Хайролла Қасымұлы Ахметжанов бүгінде 80 жасқа толып, еңбектің өрінен, құрметтің төрінен орын алып, мерей биігіне көтерілді. Мерейлі жасыңыз құтты болсын!

Р. АЙДАРБЕКОВА

«ПОЭЗИЯ, МЕНІМЕН ЕГІЗ БЕ ЕДІҢ?»

Алматы облысы әкімінің қолдауымен Қонаев қаласында Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының қазақтың әйгілі халық ақыны, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Кенен Әзірбаевтің 140 жылдығына орай «Туған жер» атты концертті өтті. Бұл игі шараның бет пердесін Алматы облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама бөлімінің басшысы Гүлнұр Келісқызы Домбай ашты.

Жылдағы қалыптасқан дәстүр бойынша еліміздің түкпір-түкпірінде аңызға айналған ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай өтіп жатқан игілікті іс-шараларда есеп жоқ десе де болады. Бұл талантының тасқынымен, атак-даңқының

даралығымен халық сүйіспеншілігіне бөленген ақынға деген халық сүйіспеншілігі болса керек.

Өткен күні Қарасай аудандық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен «Поэзия, менімен егіз бе едің?» деген тақырыпта ақынның 93

жасқа толып отырған туған күніне байланысты оқырмандардың басын қосқан әдеби-музыкалық кеш болып өтті. Атаулы кешке Абай атындағы мектеп-гимназиясының, Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектептің және Қаскелең мәдениет колледжінің, Сүлеймен Демирел атындағы университеттің студенттері мен Қалбибі атындағы өнер студиясының балауса балғындары қатынасты.

Кешке шақырылған қадірлі қонақтар-Қарасай ауданының Құрметті азаматы, өмірі ұлағатты ұстаздықпен өткен, аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы Шара Қанатқұлқызы, ардагер журналист, әнші әрі сазгер, ақын Шашубай Малдыбаев, Мұқағали ақынның туысы, қарасаздық ақын, Мұқағалитанушы, Райымбек ауданының Құрметті азаматы Елеусіз Ахметкерімұлы, Алматы облысының Құрметті азаматы, ақын ҚанатТәкебаев. Кітапхана іші әсем безендіріліп, Мұқағали шығармашылығы туралы толығынан мағұлмат беретін көрме ұйымдастырылған. Сондай-ақ, кеш барысында әр сәт сайын алуан тақырыптағы ақын өлеңдері оқылып, сонымен қатар ақын өлеңдеріне жазылған әндер тизбегі де шырқалды. Сол сияқты ақынның қанды даусымен Қазақ радиосынан оқыған өлеңдері де тыңдалды.

Жиналғандар алдында 85 жастағы Шара Қанатқұлқызы қазақ

поэзиясында Мұқағали ақынның айырықша орны бар екендігіне ерекше тоқталып, осы бағытта нақты мысалдар келтірді. Жас ұрпаққа ақын шығармашылығының тәрбиелік мәні мен маңызы да зор екендігіне терең талдау жасады. Ал, ақын Шашубай Малдыбаев болса, Мұқағали ақын-



ның Петропавл облысында сапарда болғанын, ондағы Есіл өзенінің жағасында ерекше толғаныс күй кешкенін тілге тиек етіп, әсерлі әңгімесіне арқау етті. Мұқағали өмірі мен шығармашылығы жайында екі кітап жазған ізбасар інісі Елеусіз Ахметкерімұлы кезінде көзі тірі көнекөздерден, Мұқағалидың құрдастары мен замандастарынан жазып алған естеліктерінен сыр шертіп, «Қыран ақын» деген арнау өлеңін оқып берді.

Осынау әдеби кешті студент Шыңғыс Наурызхан таңдай қақтырлық талантымен жүргізіп отырды. Оның курстасы Данияр Сәбит

Мұқағали өлеңдеріне жазылған әндерді нақышына келтіре орындады. Әдеби-сазды кеште белсенділігімен көзге түскен А.Жамбыл, Ә.Байдәулет, Қ.Нұрсат, А.Жанназар, тағы басқа оқушылардың өнерлеріне жұртшылық тәнті болды. Қалбибі атындағы өнер студиясының балғын бишілері де көрермендердің қошеметіне бөленді. Кештің ойдағыдай өтуіне ұйымшылдықпен атсалысқан Қаскелең қалалық мәдениет кол-

леджінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Балжан Қалиқызына, Қалбибі өнер студиясының көркемдік жетекшісі Қалбибі Алпысбайқызына, Абай атындағы мектеп-гимназиясының кітапханашысы Айнур Керімбайқызына және бір топ мектеп оқушыларына кітапхана әкімшілігі тарапынан салтанатты жағдайда Алғыс хаттар тапсырылды. Жиналғандар кітапхана қызметкерлеріне шығармашылық ізденістері үшін риза болып, ақ ниетті алғыстарын айтты.

Қанат ТҮРСЫНҰЛЫ,
журналист,
Қарасай ауданы.



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Ақпан айының 14-інде «Алатау ардагері» газетінің тілшісі Рамазан Елешев Пайғамбар жасы-63-ке толып отыр. Әріптесімізді құттықтау-ды жөн көрдік.



ҚҰРМЕТТІ РАМАЗАН НАҒЫМҰЛЫ!

Алпыстың асқарынан асып, Пайғамбар жасына жетіп, зейнеткерлер қатарына қосылған адами қуанышыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Деніңіз сау, ғұмыр жасыңыз ұзақ болуын Құдырет иесінен тілейміз. Біз сізді қарымды қаламы бар, ойы жүйрік, өз саласының майталман шебері деп білеміз, солай деп бағалаймыз. Әлі де болса идеология саласындағы қажырлы еңбегіңіз жалғасын тауып, халқыңызға береріңіз, жазарыңыз мол болсын!

Сізге деген құрметпен,
«Алатау ардагері» газетінің құрылтайшысы және редакция ұжымы.

АУДАН МАҚТАНЫШЫ



Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі», Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы, қоғам белсендісі Рая Әбілжанқызы Сартолованы келе жатқан туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!.. Рая Әбілжанқызы аудандық ардагерлер ұйымының алқа мүшесі ретінде кез-келген қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Ол өңірімізде болып жатқан игі шараларды «Алатау ардагері», «Райымбек», «Іле өңірі-Или вадиси» «Ұйғыр авазы» газеттері арқылы кеңінен насихаттайды. Өзі осы басылымдардың штаттан тыс тілшісі болып табылады. Ол туған-туысына қамқор жан, мейірімді әже, бір әулеттің ақылман анасы.

Ауданымыздың мақтанышы болған Рая Әбілжанқызын туған күнімен құттықтай отырып, оған зор денсаулық, отбасының амандығын тілейміз. Қаламыңыз жүйрік болсын! Шаңырағыңыздан ырыс-ынтымақ, береке-бірлік кетпесін! Бала-шағаңыздың қызық-қуанышын көріп, ұзақ ғұмыр кешіңіз!

Үлкен құрметпен «Ардагерлер ұйымы» РҚБ Ұйғыр аудандық филиалы.

Жастарға өнеге

ӨНЕР ЖОЛЫ НАСИХАТТАЛДЫ

Шырғанақ ауылының Аналар кеңесінің төрайымы Роза Батырханованың ұйымдастыруымен осы жердегі Іңкәрбек Жұмағұлов атындағы орта мектепте «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің!» тақырыбында ҚР Мәдениет саласының үздігі, Қазақ Ұлттық консерваториясының аға оқытушысы Тілеулес Құрманғалиевтың өнер жолын насихаттау барысында Тілеулестің ата-анасымен кездесу кеші өтті.

Дәстүрлі ән өнеріндегі Арқа мектебінің өкілі, Қайрат Байбосынов, Ержан Қосбармақов сынды ән дүлдүлдерінің шәкірті Тілеулес Құрманғалиевтің қолы-

ватория қабырғасында шәкірт тәрбиелеп келеді.

Шараға Тілеулес Құралбайұлының ата-анасы, сабақ берген ұстаздары, Іңкәрбек Жұмағұлов

ұлдың мектеп қабырғасындағы кездерін әңгімелейді.

Тілеулеске Тұрымхан апасы өнерін дарытса, әкесі Құралбай мен анасы Мәрия ана сүтімен адамдық және адалдық деген қасиетті бойына таратып, текті ұл өсірген екен. Осындай ортадан шыққан дарабоз ұл тек әнмен шектелмей, бірнеше ән жинақтың авторы болып, қазақ халқының ескіріп, ұмыт бола бастаған әндерін «Жетісу әуендері», «Терме, толғаулар» атты



на домбыра ұстап, қазақ әнін әулетуге үлес қосып келе жатқанына да біршама уақыт толды. Тілеулес Құрманғалиев-белгілі дәстүрлі әнші. Кезінде «Серпер» тобында ән айтып, кейіннен жеке шығармашылығына ден қойған Тілеулес Құрманғалиев бүгінде ел арасында ұмыт бола бастаған бірқатар халық әндері мен халық композиторларының әндерін жарыққа шығарды. Бұған қоса, ол ұлттық музыкалық мұрамызды ғылыми тұрғыда талдап, зерттеу ісінде де өз қолтаңбасын айқындап, консер-

ағындағы орта мектептің жоғарғы сынып оқушылары мен «Әжелер» ансамблінің мүшелері қатысты. Кешті Аналар кеңесінің төрайымы Роза Батырханова ашып, жүргізіп отырды.

Тілеулестің әкесі Құралбай Құрманғалиев пен анасы Мәрия апай ұлдарының кішкентай күнінде бесікті аяғымен тербетіп, қолымен домбырасын тартып отыратындығын, әкесінің шешесі Тұрымхан апа домбырашы, әнші болғанын айтып, қызықты әңгімелерімен бөлісті. Ұстаздары мен көршілері Тілеулес

кітаптарына енгізген. Сонымен қатар, киелі аспап домбыра жасаумен айналысады. Жұбайы Қарлығаш екеуі-төрт ұлды дүниеге әкеліп, өсіріп отырған бақытты отбасы.

Осы шараны ұйымдастырушы Роза Батырханова өнер адамының өнер жолын насихаттауға мүмкіндік жасап берген мектеп ұжымына алғысын айтып, ризашылығын білдірді. Шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

Дәурен ЕРМЕКБАЙ,
Кеген ауданы.

Армадастар, құрдастар

ЖАС ДАРЫНДЫЛАР ЖОБА КОРҒАДЫ

Қаңтар айының соңына қарай Іле ауданының №53 орта мектебі мен аудандық мәдениет үйінде аудан бойынша әдістемелік орталығының әдістемелік күні іс шарасы өтті. Бұл айтулы шараның мақсаты-білім беру ұйымдарында жоба аясында шығармашылықпен, кәсіби шеберлікпен жұмыс жасайтын педагогтардың және сол ұжымның шығармашылық жұмыстарын көрсете отырып, үздіктерді бір-біріне үлгі ету, тәжірибе алаңын жасақтау. Бұл игі іс-шараға Алматы облыстық әдістемелік орталығы, аудандық әдістемелік орталықтың бөлім басшылары, әдіскерлер, облыс бойынша мектеп директорлары мен педагогтер қатысты.



Іс-шара барысында озат тәжірибе көпке насихатталынып, дарынды оқушылар жұмысымен таныстырылды. Ауданның мәдениет үйінде көрме павильоны ұйымдастырылды. «Жүзден жүйрек» деген айдармен педагогтардың дарынды балаларымен жұмысында №29 орта мектептен Өмірбекқызы Арайлым, №52 орта мектептен Алиев Ербол, №24 лицей-

ден Герой Ақжол, № 20 орта мектептен Құлымбетова Жібек, №26 орта мектептен Травин Вадим, Ы.Ноғайбаев атындағы орта мектептен Полат Ақбота, №24 лицейден Біләл Айбақыт, №49 орта мектептен Ақылбай Алмас өз жобаларын қорғады. Көрме павильонында №38 мектеп-гимназиясы алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Андосов Ертай Дәрменқұлов

«Кадет сыныптары», осы мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Оразалиев Рустам Тілеужаңұлы «Мектеп қабырғасында фильм түсіру», №55 орта мектептен Ақтамберді Рақым Нұрсайлауұлы «Тарихты танудың жаңа технологиясы – виртуалды әлемге кадам», №53 орта мектептен Тәуекел Қуанған «Үздік педагог жұмысы» атты тақырыптарда өз жұмыстарын көрсетті.

№3 орта мектептен Аманжолова Назым Серғазықызы «Үздік педагог жұмысын», №51 орта мектептен Нұрмұхамбетов Дәулет «Кілем бетіне сурет салу өнерін», М.Мақатаев атындағы орта мектептен Қарамолдаев Самат «Бес асыл еріктілер клубы», №28 мектеп-гимназиядан Нұрбақыт Нұрбағдан «Сапалы білім – білікті ұстаздан» жобасы аясында «Жасанды интеллектті білім зымыраны», «Жылу, су, жарық энергиялары» ақылды құрылғылары, №39 гимназиядан Айтмұхамбетова Индира Сәндібекқызы, Жакыпова Сандуғаш Базарбекқызы, Тұңғымбаева Насихат Тұрсынқызы «Lesson study» зерттеу сабақтары даму мен іргерілеудің формуласы тақыры-

бында жұмыстарымен көпшілікті таныстырды. №53 мектеп «Ұлттық орта мектеп – ұлттық құндылық өлшемдерін зерттеудің негізгі тетігі» деген жоба бойынша сәтті қорғап өтті.

Ауданның іскер ұстаздары ашық сабақ және тәрбие сағаттарын ұйымдастырды. Аудан ұстаздары инновациялық тәжірибелерді меңгеріп, өзара тәжірибе алмасып, ғылыми-әдістемелік, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерді ынталандыра отырып, шығармашылыққа тартуға болатынын істерімен дәлелдеді.

Телекөпірде «Сатылай кешенді технологияның авторы, ҚазҰУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Оразақынова Нұрша Алжанбайқызы, профессор Васильев Иван Борисович (Украина, Харьков қаласынан), психология ғылымдарының кандидаты, доцент Салиева Дилором Абдуллаевна (Өзбекстан Р), профессор, білім беруде өлшеу және бағалау кафедрасының меңгерушісі Исмаил Каракая (Түркия), Супатаева Эльвира (Қырғызстан), Алматы облысы білім басқармасы облыстық әдістемелік ор-

талығы директоры Иманхатова Гүлжихан Жалғасбекқызы өз іс-тәжірибелерін бөлісіп, осы тақырып бойынша пікір алмасты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауында «Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс. Сонымен бірге, жағымды жаңалығымыз да бар. Биыл бірнеше оқушы халықаралық пән олимпиадаларының жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанды. Ондай дарынды балаларға жан-жақты қолдау көрсету қажет», - деді. Иә, «Ел боламын десен бесігінді түзе» дейді халық даналығы. Ұлттық тәрбиенің бар асылын бойына сіңіріп, сапалы біліммен қаруланған өскелең ұрпақ әлемдік көшке, ұлы дүрмекке ілесе алады. Егеменді еліміз тәуелсіздігімізбен тұғырлы. Ұлттық сана-сезімі, болмысы жоғары деңгейде қалыптасқан, ұлттық мүдденің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне үлес қосатын, тілін, ділін, тарихын, салт-дәстүрі мен ата-баба рухымен жігерленген кемел ұрпақ еліміздің ірілігін сақтап, көк туымызды күллі әлемге желбірте алады.

«... Адам баласы ұшқыр ой, көп ақыл, өткір сезім қайратының арқасында ғылым, білім, өнер тауып, өзгенден үстем дүние жүзінің қожасы бола алады» деген Жүсіпбек Аймауытов. Сондықтан «Мұғалім ісі-сырттай қарапайым болғанмен тарихтағы ең ұлы істің бірі» деген орыс ағартушысы К.Д.Ушинский. Сапалы білім беруде және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл-уақыт талабына сай болуымен қатар арқашан бір адам алда жүріп, тын жаңалықтар ұсына білу деген сөз» деп қорытындылады.

Нұржаңыл ӘШІХАНОВА,
мұғалім,
Іле ауданы.

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады
ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310
ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661
Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.
Газет «Алматы-Бошақа» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санының таралымы – 6200,
Тапсырыс №314
Индексі – 65472.